



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2021.05.01

А-1/3

Біржан сал, Атбасар, Астрахан,  
Аршалы, Жарқайың, Зеренді аудандарының,  
Көкшетау қаласының мемлекеттік  
білім беру мекемелері мен  
кәсіпорындарының атауларын  
өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Біржан сал, Атбасар, Астрахан, Аршалы, Жарқайың, Зеренді аудандарының, Көкшетау қаласының мемлекеттік білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының атаулары өзгертілсін.
2. Қоса беріліп отырған:
  - 1) «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
  - 2) «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
  - 3) «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
  - 4) «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
  - 5) «Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
  - 6) «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
  - 7) «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережелері бекітілсін.

3. Қоса беріліп отырған Біржан сал, Атбасар Астрахан, Аршалы, Жарқайың, Зеренді аудандарының, Көкшетау қаласының білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының жарғылары бекітілсін.

4. «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Ақмола облысының тіркеуші органдарында жоғарыда көрсетілген мемлекеттік білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысы әкімінің  
міндетін атқарушы

М. Тәткеев



















